



№104-105 (3143-3144)
16/12/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



Құрметті сала ардагерлері және әріптестер!

Тәуелсіздік күніне орай ізгі құттықта-
ымды қабыл алыңыздар!

Бұл күн – еліміздің ұлттық мүдделерін
қорғау мен ерлігіне тағзым етуді, кешегі
күндер мен болашақ ұрпақтың ажырамас
байланысын білдіретін мереке.

Экономикалық өсімдегі «Қазақстан темір
жолы» ұлттық компаниясының рөлі ерекше
екендігін айта кетпекпін. Тәуелсіздік алған
уақыттан бері елімізде 2,5 мың шақырымға
жуық жаңа теміржол салынды. Мемлекет
басшысының тапсырмасы бойынша Маги-

стральдық теміржол желісін дамытудың 2029
жылға дейінгі бағдарламасы іске асырылып
жатқанын атап өтпекпін. Сондай-ақ 2030
жылға қарай Ұлттық тасымалдаушының
жолдаушылар вагондары паркін жаңарту
100% құрайды деп жоспарлануда. Бүкіл
еліміз бойынша 124 вокзалды жаңғыртудың
ауқымды бағдарламасы жүзеге асырылуда.
Әрине, бұл ауқымды шаруалар сіздердің
қажырлы еңбектеріңіздің арқасы деп білемін.

Бұл ретте қуатты әлеуетке ие егемен
мемлекет құруда теміржолшылардың үлесі

де орасан екенін атап өткім келеді. Күрделі
міндеттерді шешу біздің қолымыздан
келетінін уақыт айқын көрсетіп отыр.
Алға ұмтылысымызды жалғастырып,
жоспарларымызды сәтті орындайтыны-
мызға сенімдімін.

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыла-
рыңызға тапұлық, жұмыстарыңызға табыс,
ал елімізге өркендеу мен береке тілеймін!

Талғат АЛДЫБЕРГЕНОВ,
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ
Басқарма төрағасы

«ТҰРАҚТЫ» БОЛЖАМЫ БАЙҚАЛУДА



Fitch Ratings халықаралық рей-
тингтік агенттігі ҚТЖ кредиттік
рейтингтерін «BBB –» деңгейін-
де растады, болжам – «Тұрақты».
Fitch сарапшылары ҚТЖ рей-
тингі оның ел көлік жүйесіндегі
маңызды рөлін, сондай-ақ қаржылық
көрсеткіштердің тұрақтылығын
көрсететінін атап өтті.

Тұрақты болжам орта мерзімді пер-
спективада күтілетін «ҚТЖ» ҰК» АҚ
сенімді қаржылық бейінінің сақталуын
растайды. Fitch қарыз жүктемесінің
одан әрі төмендеуі, EBITDA көрсет-
кішінің өсуі, сондай-ақ қамту коэффи-
циенттерінің жақсаруы Компанияның
тәуелсіз несиелік профиліне оң әсер
етуі мүмкін екенін көрсетеді.

Агенттік сонымен қатар өзінің
әдіснамасына сәйкес Компанияның
ESG факторларын бағалауды ұсынды
және Агенттіктің рейтингтік бағалауы
шеңберінде компанияның экологиялық,
әлеуметтік және басқару факторлары-
ның маңыздылығын атап өтті.

Fitch бағалауы Агенттіктің қолда-
нылатын халықаралық критерийлері-
не сәйкес ұсынылған операциялық
нәтижелер мен деректерді талдауға
негізделген.

Ұлан ОРАЗ

KTZ AIR CARGO: НОВЫЙ ГОРИЗОНТ КАЗАХСТАНСКОЙ ЛОГИСТИКИ

АО «KTZ Express» ведет активную работу по созданию грузовой авиакомпании – KTZ Air Cargo, которая усилит позиции страны на международном логистическом рынке и станет стратегическим дополнением к существующей мультимодальной инфраструктуре.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

В следующем году планируется
формирование начального флота из
трех широкофюзеляжных среднема-
гистральных воздушных судов типа
Boeing 767 или Airbus 330, которые
будут взяты в операционный лизинг.

Создание KTZ Air Cargo – это логич-
ный шаг в развитии логистической
экосистемы ҚТЖ. Дочерние и парт-
нерские компании холдинга уже
обладают богатым опытом в сфере
железнодорожных, автомобильных
и морских перевозок, что позволит
объединить воздушную логистику в
единый мультимодальный продукт,
способный покрыть весь евразийский
рынок.

Широкая международная сеть пред-

ставительств ҚТЖ и признанная
репутация компании как надежного,
стратегически выверенного партнера
создают сильную базу для привлечения
клиентов и инвесторов. Масштаб,
экспертиза и синергия внутри группы
ҚТЖ – мощный ресурс для успешного
запуска и роста новой авиакомпании.

KTZ Air Cargo – это не просто раз-
витие авиаперевозок, это переход к
новому уровню логистических решений
Казахстана.

В настоящее время компания начала
операционную деятельность. Форми-
руется стартовый флот, ведется подго-
товка к подаче заявки на получение
сертификата эксплуатанта. Под соб-
ственным сертификатом эксплуатанта
авиакомпания планирует выполнение
полетов к середине 2026 года.

В основе маршрутной сети заплани-



рованы перевозки из Китая и Юго-Вос-
точной Азии в Европу и в обратном
направлении через Казахстан. Эти
маршруты составят основную часть
транзитных перевозок. Помимо этого,
планируется осуществлять чартерные
рейсы по запросам грузовладельцев.

Как отметили в KTZ Express, целевая
модель формирования флота – сухой
(операционный) лизинг воздушных
судов для начала регулярных перевозок

и размещение заказа на производство
новых воздушных судов для последую-
щего масштабирования деятельности
при достижении операционных и
финансовых KPI начального этапа.
Таким образом, в дальнейшем вопрос
расширения флота будет рассматривать-
ся на следующем этапе развития – при
достижении ключевых операционных
и финансовых показателей.

Фото Александра ЖАБЧУКА

Актуально

СТРУКТУРА, МАРШРУТЫ И ДИНАМИКА РОСТА

Железнодорожный транспорт остается ключевым элементом транспортно-логистической системы Казахстана, а структура перевозок компании наглядно отражает как внутренние потребности национальной экономики, так и растущий потенциал международного транзита.



Айлин БАУРЖАН,
Астана

АО «НК «Қазақстан темір жолы» осущест-
вляет перевозки в четырех видах сообщений:
внутриреспубликанском, экспортном, им-
портном и транзитном. В общей структуре
грузооборота наибольшую долю занимают
внутриреспубликанские перевозки – 56%,
экспортные составляют 28%, импортные –
6%, а транзитные не превышают 10%. Эти
показатели свидетельствуют о сравнительно
небольшом, но стратегически значимом
объеме транзитных перевозок в общей
системе грузоперевозок.

Транзитные железнодорожные перевозки

через территорию Казахстана традиционно
осуществляются по ряду международных
маршрутов. Ключевыми направлениями
остаются коридоры Китай – Европа/
Центральная Азия, Россия/Беларусь – Китай
и в обратном направлении, Россия – Цен-
тральная Азия, а также маршруты Транска-
спийского международного транспортного
маршрута (ТМТМ) и коридора Север – Юг.
Эти направления формируют основу меж-
дународной логистики и обеспечивают
устойчивый поток транзитных грузов.

Объемы транзитных перевозок демонст-
рируют стабильную положительную динамику.
Так, по итогам 2024 года транзит составил
27,5 миллиона тонн, а за 11 месяцев 2025 года

этот показатель достиг 27,9 миллиона тонн,
что подтверждает поступательное развитие
транзитного потенциала Казахстана и рост
интереса грузоотправителей к железнодорож-
ным маршрутам через территорию страны.

Номенклатура транзитных грузов отличается
широкой диверсификацией. В ее структуру
входят нефтепродукты, черные и цветные
металлы, химикаты, минеральные удобрения,
зерно, строительные материалы, железная
руда, древесина, машины и оборудование,
а также продовольственные грузы. Такое
разнообразие подчеркивает универсальность
казахстанской железнодорожной инфраструк-
туры и ее способность обслуживать различные
сегменты международной торговли.

ЖҮК АЙНАЛЫМЫ ӨСІМІ ШЫҒАРА



ТАСЫМАЛ



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Атап айтсақ, өткен он бір айдың қорытындысы бойынша
Семей ЖТ бөлімшесіндегі жүк айналымы өткен жылдың
сәйкес кезеңімен салыстырғанда біршама өсіп, 9 178,0
млн тонна-км таза жүкті құрады. Тиеу көлемі 16 064,0
мың тоннаға жетті. Бұл жайт өз кезегінде тасымалдау
бағыттарының кеңеюіне, соның ішінде Орталық Азия
елдеріне астық пен азық-түлік жүктерін жөнелту есебінен
орын алыпты. Тиелген жүк ішінде әсіресе дәнді дақылдар-
дың, құрылыс материалдары мен ағаш өнімдерінің үлесі
айтарлықтай мол екен.

Аталмыш мерзім ішіндегі жүк тиеу көлемі өткен жыл-
дың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 252,3 мың тоннаға
артып отыр. Сонымен қатар өткен жылғы деңгеймен са-
лыстырғанда түсті металл тиеу 234,5 мың тоннаға, темір
кенін тиеу 23,5 мың тоннаға, өнеркәсіптік шикізатты тиеу

111,3 мың тоннаға, құрылыс материалдарын тиеу 107,2
мың тоннаға, цемент 83,6 мың тоннаға жоғарылаған. Бұл
жүктерді кедергісіз тасымалдаудың маңызы зор. Себебі
аймағымыздағы ғана емес, ел көлеміндегі кәсіпорындар,
өңдеу нысандарының және құрылыстардың үздіксіз жұмыс
жүргізуін қамтамасыз ету қажет.

Көмір – әлі де бөлімше бойынша тасымалданатын жүктердің
ең негізгісі болып саналады. Ағымдағы кезеңде барлығы
5 429 500 тонна қатты отын тасымалданды. Оның 4 833 300
тоннасы ішкі тұтынушыларға жеткізілген екен. Ал 930 600
тоннасы Қазақстанның көптеген аймақтарындағы өнер-
кәсіптік кәсіпорындарға жөнелтіліпті. Сол тәрізді 596 200
тонна жоғары сұрыпты көмір өзге елдерге экспортталды.

–Алдағы жылыту маусымына дайындық жыл сайын
мамыр айында басталатыны белгілі. Бұл ретте басты әріп-
тес, жүк жөнелтуші «Қаражыра» АҚ-ның бөлімшеге көмір
тиеуге арналған бос жылжымалы құрамдарды дер кезінде
жеткізу туралы «Қазтеміртранс» АҚ-мен бірлесіп жасаған



өтініштері уақытылы және толық көлемде орындалуда.
Жүк жөнелтушінің, тасымалдаушының және жүк вагонда-
ры иелерінің үйлестірілген іс-шараларының нәтижесінде
жылыту маусымының басына дейін жылу орталықтарында
отынның минималды қоры жасалды. Ол бүкіл жылыту
маусымы бойы сақталады. Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан
және Абай облыстарындағы барлық көмір қоймаларында
тұрғындарға көмір сату ісі кезексіз және қарбалассыз жүріп
жатыр, – дейді бұл ретте жағдайды бақылауда ұстап отырған
Семей ЖТ бөлімшесінің басшысы Алмас Сейсемқанов.

Көмір қорының мол болуы және кезексіз саудалануы тіпті
қатты отынның бөлшек саудадағы бағасының төмендеуіне
де алып келген. Жалпы, қазіргі таңда көмір тасымалында
шығыстағы екі облыста да клиенттер тарапынан шығым жоқ.
Суретті түсірген автор



Ростислав КОНЯШКИН
Вице-министр искусственного
интеллекта и цифрового
развития РК:

**В РАМКАХ КАРТЫ ЦИФРОВОЙ
ТРАНСФОРМАЦИИ ОТРАСЛИ
ТРАНСПОРТА ОСОБОЕ ВНИ-
МАНИЕ УДЕЛЕНО ЖЕЛЕЗНО-
ДОРОЖНОМУ СООБЩЕНИЮ:
ПЛАНИРУЕТСЯ ВНЕДРЕНИЕ
ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ СИСТЕМ
НА 55% МАРШРУТОВ, ЧТО
ПОЗВОЛИТ СОКРАТИТЬ ВРЕМЯ
ПЕРЕВОЗОК, ПОВЫСИТЬ КАЧЕ-
СТВО ОБСЛУЖИВАНИЯ ПАС-
САЖИРОВ И ГРУЗОВ, А ТАКЖЕ
УКРЕПИТЬ ТРАНЗИТНЫЙ
ПОТЕНЦИАЛ СТРАНЫ**

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ТЕМІРЖОЛ
КӨЛІГІМЕН ТАСЫМАЛ

380,3 млн

ТОННАНЫ ҚҰРАҒАН.

БІЙЛҒЫ ОН АЙ ІШІНДЕ
ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ

29 млн

ТОННА ТРАНЗИТТІК ЖҮК
ТАСЫМАЛЫ ӨТКЕН.

2021-2025 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА
«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ

4000

АШЫҚ ВАГОН САТЫП АЛУ
АРҚЫЛЫ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ
ПАРКІН ЖАҢАРТА ТҮСТІ.

Құрметті теміржол саласының қызметкерлері мен ардагерлері!



Сіздерді ұлтымыздың ұлық мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – ата-бабамыздың асыл арманы орындалған, халқымызға еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Бүгінде еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың арқасында болашағымыз жарқын. Егемендіктің алғашқы сәттерінен бастап Отанымызды өркендетуге, елдігімізді нығайтуға зор үлес қосқан барша теміржолшылар мен сала ардагерлеріне шынайы алғысымды білдіремін.

Осы қасиетті күні сіздерге амандық, бақ-береке, мол ырыс тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы жолындағы теміржолшылардың еңбегі табысты, бастамаларыңыз сәтті болсын!

Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай!

Оразғали АХМЕТБАЕВ,
«Қазтеміржолкәсіп» ҚБ төрағасы



ЖҮЗГЕ ЖУЫҚ ЖОЛАУШЫ ЖЕТКІЗІЛДІ



Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



Аймақ



Осылайша, Ұлттық тасымалдаушы жолаушыларды теміржол көлігімен тасымалдау және отырғызу жұмыстарын жедел ұйымдастырды. 2025 жылғы 15 желтоқсанда №691 «Атырау-Ақтөбе» пойызы арқылы жолаушылардың қозғалысы қамтамасыз етілді. Сағыз станциясынан Ақтөбеге дейін – 20 жолаушы; Қарауылкелді станциясынан Ақтөбеге дейін – 30 жолаушы; Қандыағаш станциясынан Ақтөбеге дейін – 46 жолаушы, яғни жалпы саны 100-ге жуық жолаушы тасымалданды.

Күрделі метеорологиялық жағдайда теміржол көлігі ең қауіпсіз әрі сенімді қатынас түрлерінің бірі болып қала береді. Ұлттық тасымалдаушы жолаушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды жалғастырып, азаматтарды сапарларын жоспарлау кезінде ауа райы жағдайын ескеруге шақырады.

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Астанада өткен WorldSkills Kazakhstan 2025 ұлттық чемпионатына қатысқан болашақ теміржолшы М.Тынышбаев атындағы Ақтау АЛТ көлік колледжінің студенті Бексұлтан Байдулла II орынды алды.



Өз саласы бойынша елорда төрінде бақ сынаған ол Ақтау АЛТ көмік колледжінің «Локомотивті басқару» құзыреттілігі бағытында өзгелерден озығып, оқу ордасының атын төрге оздырды. Аймақтың абыройын асқақаттаты.

– Бұл жетістік – шәкіртіміздің үздік дайындық деңгейінің, кәсіби шеберлігі мен талмай ізденуінің нәтижесі. Бексұлтан колледжіміздің мерейін арттырып, болашақ теміржол маманы ретінде өзінің жоғары әлеуетін дәлелдеді. Оның табысы – түбек теміржолшыларын даярлау «шеберханасына» айналған оқу ордамыздың және ондағы ұстаздарымыздың ерен еңбегі мен қолдауының, сондай-ақ өзінің талаптылығы, табандылығының жемісі, – дейді студенттің жетекшісі Жаухар Тоғызбаева.

Колледж басшылығы да Бексұлтанды жеңісімен құттықтап, алдағы уақытта да жаңа белестерді бағындырып, кәсіби жолында үлкен жетістіктерге жететініне сенім артты.

Суретті түсірген автор

Сұхбат

Теміржол магистралі бойында жатқан Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің жұмысы, аймақтағы жолдардың жағдайы мен қауіпсіздік деңгейі бүкіл бағыттағы тасымалдың тұрақтылығына әсер етеді. Бүгінде бұл өңірде жолдарды жаңғырту, сигнализацияны жетілдіру және пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігі профилактикасын күшейту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Осы мәселелер жөнінде «КТЖ» ҰК» АҚ Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі филиалының директоры Ербол Сәулебековпен әңгімелестік.

САПА – ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

– Ербол Тәңірбекұлы, соңғы жылдары аймақта пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне қатысты қандай негізгі тәуекелдер анықталды және оларды төмендету бойынша қандай іс-шаралар іске асырылуда?

– Бөлімше бойынша тұйық жолдарда, деполардың (тракционды) жолдарында ағаш шпалды жолдардың ескіргені, бағыттамалық бұрмалардың нормалық сәйкестігінің сақталмауы, басты жолдардағы қиыршақ тастардың ластануы, қараусыз мал мен жанның жолға шығуы, теміржол өткелдерінде автокөліктердің ереже бұзуы сияқты тәуекелдер анықталды. Ал оларды жою бағытында ағымдағы жылдың 11 айында бөлімше бойынша айтарлықтай жұмыс атқарылды. Атап айтсақ:

- Станциядағы кірме, қабылдау-жөнелту жолдарында жол табанын жаңарту мақсатында күшейтілген орта жөндеу жұмыстары 5,9 км орындалды;
- Магистральдық бас жолда жаңа материалдан 48,6 км жол табанын жаңалау күрделі жұмыстары орындалды;
- Жол табанының рельстерін бунақсыз рельс-пен ауыстырып күшейту 11,8 шақырымда орындалды;
- Станциялардағы кірме, депо, тұйық жолдардың бойында орналасқан Р50 санатты рельстерді күшейту мақсатында санаты жоғары Р65 типті рельспен ауыстыру жұмыстары 1,2 км орындалды;
- Бағыттамалық бұрмалардың нормаға сәйкес орналастыру мақсатында 32 жиынтық бұрма орын ауыстыру арқылы қайта салынды;
- Бағыттама бұрмалардың ағаш белдеуден темірбетон белдеулер арқылы күшейту мақсатында 21 жиынтық бұрма ауыстырылды;
- Қиыршық тастың ластануын РМ жол машинасын қолдана отырып, тазалау және қайта төгу арқылы 36,7 км жолға жөндеу жұмыстары жүргізілді;
- Қараусыз малдың жолға шықпауы үшін жыл сайын тікенек сыммен қоршау жасалуда, осы жылдың жоспары бойынша 111 км аумаққа сым қоршаулар салынды;
- Қараусыз малдың, бөгде адамдардың жолға шығып, қауіпсіздікке кедергі болдырмау мақсатында теміржол бойындағы халық арасында профилактикалық-түсіндірме жұмыстары 17 118 адам қатысуымен 530 мәрте жиналыс өткізілді;
- Теміржол өткелдерінде автокөлік пен пойыздың соқтығысу жағдайларын болдырмау мақсатында айдың 10 мен 25 күндері жол полициясы қызметкерлерімен бірге рейд өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. 2025 жылдың 11 айында 398 рейд өтіп,



17 087 автокөлік жүргізушілерімен профилактикалық жұмыс жүргізілді.

– Қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы ықтимал факторларды алдын ала анықтау мақсатында мониторинг немесе талдау жүйелері қолданыла ма?

– Ай сайын айлық қорытынды сараптамалар жүргіземіз, сонымен қатар жол өлшегіш вагондар анықтаған ауытқуларды дер кезінде қалпына келтіру, теміржол мен оның құрылғыларының ақаулығын алдын алу мақсатында жоспарлы-алдын алу жұмыстары ұйымдастырылып орындау; жедел тежегіш қолдану фактілерін азайту мақсатында теміржол бойындағы жергілікті тұрғындармен профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізу; теміржол өткелдерінде автокөлік жүргізушілерінің жол жүру ережелерін бұзуы салдарынан болып жатқан келенсіз жағдайларды болдырмау үшін көлік мекемелерінің, ауылшаруашылық орталықтарында МАИ қызметкерлерімен бірге рейд ұйымдастыру сынды жұмыстар тұрақты жүреді. Соңғы жылдары бөлімше аумағында оқыс оқиғалар мен соқтығысу оқиғалары орын алған жоқ.

– Бөлімше бойынша теміржол инфрақұрылымының қазіргі жағдайын қалай бағалайсыз?

– Теміржол инфрақұрылымының қазіргі жағдайы жаман емес. Олай дейтінім, осы 2025 жылдың өзінде Компания жүктеген көптеген міндеттерді уақытылы атқардық. Осы он бір айда темір жолдың үстіңгі қабат материалдарын жаңалау және жаңғырту мақсатында күрделі жөндеу жұмыстары – 48,6 шақырымға, РМ жол машинасын қолдана отырып, жолдың астыңғы қабатын лас топырақтардан тазалау – 36,7 шақырымға, темірбетонды білеулі бағыттағыш бұрмаларға алмастыру – 21 жинаққа және де екі станция, екі аралықты бірыңғай стандартқа келтіру жұмыстары атқарылды.

– Жаңғыртуды қажет ететін негізгі учаскелерді атаңыз.

– Қазіргі күнде жаңғыртуды қажет ететін Түркістан – Шиелі, Қызылорда – Жосалы және Жосалы – Қазалы учаскелері 2026 жылғы жоспарға 83,4 км күрделі жөндеуге қосылып отыр.

– Өткелдер, көпірлер, бекеттер және жол жабынының техникалық жағдайын жақсарту бойынша қандай жоспарлы жөндеу-жаңарту шаралары жүргізіліп жатыр?

– Күзетпелі теміржол өткелдері кезекшілерінің жұмыс және техникалық жағдайын жақсарту үшін қазіргі таңда үш өткелде, яғни Бәйгеқұм – 20-бекет, Сексеуіл – Құрлық, Шөміш – Қамыс-

тыбас аралықтарында талапқа сай келетін 2 қабатты ғимараттар салынып, пайдалануға берілді және екі өткелде автоматты шлагбаум іске қосылды. Ғимараттарды күтімге алу мақсатында 56 ғимаратқа вокзалдардан шыққан құрылыс материалдарын пайдалану арқылы жөндеу жұмыстары жүргізілді және бұл жұмыстар әлі де жалғасуда.

– Пойыздар қозғалысы үшін маңызды сала белгі беру және байланыс жүйелерін жаңғырту жайы қалай?

– 2026 жылдан бастап Бірқазан станциясында белгі беру және байланыс құрылғыларын МПЦ CTRLLOOK400 by HMR9 powered жобасы жүзеге асырылуы жоспарлануда. CTRLLOCK 400 – кез келген түрдегі негізгі жылжымалы құрамды басқаруға арналған көп нүктелі блоктау жүйесі. Жүйе еуропалық HMR-9 платформасында жасалған және қазіргі заманғы деректерді беру хаттамалары мен заманауи компьютерлерді пайдаланады. Ал Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы бойынша Шиелі – Түркістан телімінде Ақмая – Екпінді аралығында Импульстік тұрақты тоқты АБ жүйесі сандық кодты айнымалы тоқты АБ жүйесіне ауыстырылды.

– Қозғалыс қауіпсіздігін арттырудың ұзақ мерзімді стратегиясы қандай? Қызылорда магистральдық желісін Қазақстандағы ең қауіпсіз аймақтардың біріне айналдыру үшін қандай негізгі басымдықты атар едіңіз?

– Ең әуелі темір жолға уақытылы күрделі, күшейтілген және орта жөндеу жүргізу, бағыттамалық бұрмаларды, рельс тіректері мен табандарын үздіксіз ауыстырып отыру, өткелдерді жаңарту, сондай-ақ тасымалдардың қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да іс-шаралар жүргізу; Жұмысшылардың санитарлық-тұрмыстық жағдайларын жақсарту мақсатында мекемелер мен ғимараттарды күтімде ұстап, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп отыру; Қозғалыс қауіпсіздігі тақырыбында жұмысшылармен техникалық және практикалық сабақтар жүргізу; Қауіпсіз аймақтардың біріне айналдыру үшін, теміржолдың ақаусыз жұмыс жасауына апат, оқыс оқиғаларды болдырмау үшін жүйені цифрландыру және цифрландырылған жүйемен жұмыс жасайтын қызметкерлердің біліктілігін арттыру. Міне, осындай жұмыстарды жүйелі атқарып отырғанда нәтижеге қол жеткізуге болады. Барлық жерде сапа – алдыңғы орында болуы керек, ол қозғалыс қауіпсіздігінің басты факторы дер едім.

– Өңгімеңізге рахмет!

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«КТZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «КТZ Express» АҚ) «КТZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2024 жылдың 19 желтоқсанда 11:00 сағатта Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «КТZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «КТZ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлікті сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны төмендету аукционына мына Нысандар шығарылады:								
Лот №	Аты	Өлшем бірлігі	Саны	Станциялар	Алғашқы құны, теңге	Бастапқы құны, теңге	Ең төменгі құны, теңге	Кепілдік жарна
1	Қолданылған қосалқы бөлшектер	дана	6 634	Жаңа-Семей, Өскемен, Екібастұз Павлодар, Қарабас, Балқаш Арыс, Бұрыл, Алматы, Төретам	499 735 546	1 499 206 638	259 862 484	74 960 332

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілім веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: БСН: 050540004455, БСК: HSBKKZKX, IBAN/ЖСК: KZ946017111000000330, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлемнің тағайындалуы: электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақытылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ЭЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады.

Жарияланған баға бойынша сатылу объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату

шартына тізілім веб-порталында сауда қорытындысын шығару күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлікті сатып алуға және сатуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, мүлікті тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.

Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуге жатпайды және Сатушы Нысанның кез келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Электронды аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысуды рәсімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды анықтау шарттары жайлы ережелермен Қағидалардан және Регламенттен танысуға болады, олар «КТZ Express» АҚ-ның www.ktze.kz және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында көпшілік үшін қолжетімділікпен орналастырылған.

Қосымша ақпаратты 87710838734 («КТZ Express» АҚ, Астана қ., Дінмұхамед Қонаев, 10) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ, Астана қ., А.Жұбанов к., 16-үй, 4-қабат) телефондары бойынша алуға болады.



ЖАСТАР ҚҰРЫЛТАЙЫ ШЫМЫЛДЫҒЫН ТҮРДІ

2025 жылдың 9 желтоқсаны күні «ҚТЖ» ҰК» АҚ XIV Республикалық жастар форумы ашылды. Он төртінші рет өткізіліп отырған дәстүрлі форумның биылғы ерекшелігі – ол халықаралық сипат алып, Ресей, Армения, Қырғызстан және Моңғолия темір жолдарынан келген жастардың қатысуы еді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ топ-менеджерлерінің қатысуымен XIV Республикалық жастар форумының ресми ашылу салтанатында теміржолшы жастар өздерінің командалық жобаларын көпшілік назарына ұсынып, олардың компания жұмысына тигізетін пайдасы мен әсерін баяндады. Сөз кезегі шетелдік қонақтарға беріліп, олар Ресей, Моңғолия, Армения және Қырғызстан темір жолдарының жұмысы, атқарылып жатқан жобалар, жастар саясаты төңірегінде мағлұмат берді.

Форумға арнайы шақырылған қонақтар қатарында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Геннадий Шиповский сөз алып, өзінің еңбек жолы қарапайым теміржолшы ретінде басталып, алғашқы жастар форумына қатысқанын әңгімеледі.

– Мен машинист көмекшісі болып жұмыс істеп жүргенімде, алғаш рет I республикалық жастар форумы өтіп, соған қатыстым. Басында бұл форумның не пайдасы бар, не үшін керек

деген ойдың болғанын да жасырмаймын. Бірақ кейін оның теміржолшы жастар үшін маңызы мен пайдасын түсіндім. Бұл форум жастардың өзін жан-жақты ашуына, кәсіби біліктілігін арттыруға, мансаптық қызметінде көтерілуіне, көшбасшылық қасиеттерді дамытуына үлкен мүмкіндіктер береді. Менің де мансаптық қызметте өсіп, бүгінгі дәрежеге жетуіме, саясатқа араласуыма осы форум алғышарт болды десем, асырып айтқаным емес. Өйткені жастар форумы теміржолдың жастарына бір орында тұрып қалмай, заман ағымына үн қосып, қазіргі уақыт талабынан қалыспай, білім-біліктерін көтеруге, әрекет етуге бағыт-бағдар беретін алаң. Сондықтан жастарға форум жұмысына белсене қатысыңыздар, компания жұмысына өз үлестеріңізді қосуға атсалысыңыздар дегім келеді. Қандай қызметте, қандай мансапта болсаңыз да, адамгершілік пен азаматтық келбеттеріңізді сақтап қалыңыздар,

– деп ағалық ақыл-кеңесімен бөлісті Геннадий Шиповский.

Бұдан кейін сөз алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Марат Шакинов «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да Жастар саясатына ерекше көңіл бөлініп отырғанын және компания жастардың тың идеяларын, тиімді бастамаларын, спорттық, әлеуметтік, қайырымдылық жобаларын қолдауға және іске асыруға мүдделі екенін атап өтіп, форум жұмысына сәттілік тіледі.

Форум аясында бірінші күні қатысушыларға «ҚТЖ-100 жас есім», Жаңа буын көшбасшылығы, Жеке қабілетті дамыту оқытулары өтіп, кеш «Аймақтар визиткасы» бағдарламасына ұласты. 10 желтоқсан күні «ҚТЖ-100 жас есім» бағдарламасы бойынша оқыту жалғасын тауып, Кейстер чемпионаты, «Қалай фокус, энергия және тұрақтылықты сақтауға болады деген кәсіби мамандарға арналған стресс-менеджмент», «Өзгерістерді басқару: өзгерулер процесінде көшбасшылар



мен агенттердің ролі», «Жекебас тиімділігі, өсуге жол ашатын практикалық құралдар» сынды тренингтер өтіп, кешкілік бағдарлама «Табысты командалардың құпиясы» атты интерактивті симуляцияға жалғасты. Жастар форумының соңғы күні – 11 желтоқсан «Теміржол білгірлері» интеллектуалды ойынына ұласты. Түстен кейін Республикалық жастар форумының ресми жабылуы өтіп, Балалар тілегі шырышасы өтті. Ал кешкілік форум қатысушыларына арналған кешкі ас ұйымдастырылды.

ҮЗДІК ЖОБАЛАР КӨРМЕСІ: МҮДДЕ ОРТАҚ, ЖЕҢІС ЖАЛҚЫ

Жастар форумы аясында теміржолшы жастардың жеке немесе команда болып әзірлеген үздік жобаларының көрмесі өтті. «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшыларының назарына барлығы 16 жоба ұсынылып, авторлары бұл жұмыстардың Ұлттық компанияға әкелетін пайдасы, өндіріс процесіне әсері мен тиімділігі туралы жан-жақты баяндады.

Мәселен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы «Көпфункционалды қызмет көрсету орталығының» тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаментінің бас менеджері Тимур Қасымбеков «Маневрлік жұмыстардың тиімділігін арттыру» атты жобасымен таныстырды. Жоба мақсаты – маневрлік жұмыста локомотивтердің тиімділігін/маржиналдылығын кемінде 10%-ға арттыру болса, шешімі маневрлік локомотивтер жұмысына



сының вагон қараушы-жөндеушісі Қуатбек Көпбаев, Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясының СОБ аға электромеханигі Куандық Боқаев және Қарақия станциясының бастығы Лияс Тұрмағамбетов.

Бұл жобаның мақсаты еңбекті қорғау жүйесін цифрландыру және «Нөлдік жарақаттану» (Vizion Zero) тұжырымдамасына қол жеткізу екен. Шешімі – KTZ HSE қосымшасына ЖИ-моделін енгізу. Бұл жобадан күтілетін нәтижелер мыналар болмақ: өндірістік жарақаттануды азайту; ақпараттық қабылдауды жеделдету; білім сапасын 100% бақылау; экономикалық тиімділікке қол жеткізу.

Ал «Жолаушылар тасымалы» АҚ Қарағанды телімінің «Солтүстік» жолаушылар тасымалының өндірістік-техникалық бөлімінің 1 дәрежелі техникі Меруерт Қасымованың «Сапар алдындағы құрамның сапасын жасанды интеллект арқылы бақылау» деген жобасын көрсетілетін қызметтердің қабасын арттыруға бағытталған. Жоба авторының пайымынша, сапаны бақылау функциясын орындау үшін ЖИ-шешімін қолдану нәтижесінде өндірістік тиімділікті

өсіруге, адам факторын азайтуға, жұмыс процесінің айқындығын арттыруға, қызмет көрсету барысында шағымдарды төмендетуге қол жеткізілмек.

Келесі бір маңызды жоба СОБ, байланыс және энергия желілерін болжамды талдаудың интеллектуалды жүйесі – СОБ, коммуналдық және теміржол энергетикалық желілерінің жай-күйінің мониторингін автоматтандыруды мақсат еткен. Авторы – Қарағанды магистральдық желі бөлімшесінің СОБ, байланыс және электрмен жабдықтау бөлімінің жетекші инженері Айбол Сейітжанов.

Оның айтуынша, ЖИ-шешімді, атап айтқанда СОБ жағдайын талдау және бақылау; Жабдықтың күйін болжау; аномалиялар мен сәтсіздіктерді анықтау; сондай-ақ Қызмет көрсету үшін ұсыныстар қалыптастыруға қол жеткізуге болады. Ал бұл функциялар өз кезегінде – пойыздың тұрып қалуын азайтуға, СОБ-тың істен шығу және байланыс санын 30-50% дейін, қосалқы станцияларда энергия тұтынуды 5-7 %-ге дейін, сондай-ақ инженерлік персоналдың еңбек шығындарын 20-30%-ге дейін төмендетуге ықпал етпек екен.

Бұлар форумда ұсынылған жобалардың бір легі ғана. Шын мәнінде, таныстырылған жобалар алуан түрлі болды және олар түрлі саланы қамтып, өзіндік тиімділігімен, ұтқырлығымен ерекшеленді. Мүдде ортақ болғанмен, жеңіс әрине жалқы болмақ. Яғни жан-жақты экономикалық тиімділігі дәлелденген ең үздік жобалар ғана өндіріске жолдама алатыны анық,

МІНБЕР

Норайра МКРТЧЯН, Армения

«Оңтүстік Кавказ темір жолы» ЖАҚ Жолаушылар тасымалы дирекциясының вокзал және платформалық кешен күтімі жөніндегі Ереван телімінің бастығы:

Армения Республикасының аумағында жолаушылар және жүк тасымалын «Оңтүстік Кавказ темір жолы» ЖАҚ (ОКТЖ) қамтамасыз етеді. Осы жылы компания чехиялық туроператормен бірігіп, Армения үшін жаңа қызмет – туристік пойызын шығарды. Нәтижесінде осы пойыз қызметін 300-ге жуық еуропалық турист пайдалана және күте вагондарында өмір сүре отырып, Севан, Ереван, Гюмри, Тбилиси, Кутаиси қалаларын аралап, екі елдің мәдениетімен, табиғатымен және көрнекі орындарымен танысты. Ал 2026 жылы «ОКТЖ» ЖАҚ теміржол туризмі бағдарламасын әжептәуір кеңейтуді жоспарлап отыр. Мәселен, алдағы мамыр айының өзінде №371/372 «РЖД Тур» пойызының құрамында екі туристік рейс ұйымдастырылады.



Мұхамед АШИРОВ, Қырғызстан

«Қырғыз темір жолы» ҰК» МК Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің бас маманы:

2025 жылдан бастап Қырғыз темір жолында жаңа желілер құрылысына қатысты екі ірі жоба жүзеге асырылуда. Бұл бірінші және екінші жобалармен жастарға сұраныс тудырып отыр. Сонымен бірінші жобаға келсек, ол – Балықшы – Кочкор – Кара-кече теміржол құрылысы. Бұл жоба Кара-кече кен орнына қолжетімділікті және Бішкек ЖЭО-ны көмірмен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз етеді. Ал Қытай – Қырғызстан – Өзбекстан теміржол құрылысы жобасы, Еуразия құрлықтық көпірінің оңтүстік тармағы болып табылады. Жаңа теміржол дәлізі Оңтүстік-Шығыс, Батыс Азия және Таяу Шығыс елдерінің нарықтарына жол ашады. Осылайша, Оңтүстік Азиядан жол Оңтүстік Еуропа мен Таяу Шығыс елдеріне 900 шақырымға дейін азайып, уақыт мерзімі 7-8 тәулікке дейін қысқара түспек.

ЖЕКЕ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНАН ДӘРІС

Республикалық жастар форумында теміржолшылар белгілі бизнес тренер Дана Мағауинаның «Жеке даму стратегиясының негіздері» тақырыбындағы тренингіне қатысты.

– Менің тренингімде жастарға күшті және әлсіз жақтары өздеріне жазғызып, көрсету арқылы дамыту бағытында жұмыстар жүргізілді. Мәселен, олар: «Қандай әдеттер маған кедергі келтіреді?», «Қандай жағдайда мен өзіме жиі күмәнданамын?» деген сұрақтарға жауап іздеді. Осылайша олар өздерінің жеке даму стратегиясын жасады. Теміржол жастары өте белсенді және арасында көшбасшылық қасиеттерге ие азаматтар көп екенін бірден байқауға болады. Олар өндірістің ішінде жүрген қарапайым мамандар болғанымен, болашақта арасынан сол салада басшылық ететін мықтылар шығатыны сөзсіз. Осы тұрғыда біздің жұмысымыз – олардың бойындағы озық қасиеттерін дамыта отырып, кемшіліктерін



жеңіл жұмыс істеуге септік ету, – дейді тренер.

Маңғыстаулық Жанболат Қылаубаев форумнан, соның ішінде осындай тренингтерден алған әсері зор екенін жеткізді.

– 2011 жылы Маңғыстау станциясында жүк қабылдап-жөнелтуші болып еңбек ете бастадым. Қазіргі таңда ТХКБ бойынша Ақтау теңіз сауда портында жұмыс істеймін. Алтынкөлден келетін жүктерді кемелерге тиіп Әзербайжанға жібереміз. 4

жылдың әкесімін. Форумнан алған әсерім үлкен. Бүгінгі тренингтің жеке дамуымызға оң ықпалын тигізгері сөзсіз. Былай уақытта көп мән бермейтін адамның кейбір осал тұстары мен озық қасиеттерін бағамдап, қайсысына басымдық беру керектігін айтып берді. Сонымен қатар маған тренер Ержан Нұршановтың «Күйзеліспен күресу және көп алдында сөйлеу» атты тренингі де қатты ұнады, – дейді жас теміржолшы.

Форумның соңғы күнінде жастар «Теміржол білгірлері» зияткерлік ойынына қатысып, білімі мен ой ұшқырлығын сынады. Бұл жарыста қатысушылар өңірлерге бөлінбей, залда отырған жерінен аяқасты команда құрып, сол топпен ойынға қатысты.



«ТЕМІРЖОЛ БІЛГІРЛЕРІ»: БІЛІМ ҺӘМ АҚЫЛ-ОЙ ЖАРЫСЫ

Үш кезеңнен тұрған ойында оларға темір жолға қатысы жоқ, бірақ логикалық ойлау қабілетінің деңгейін көрсететін сұрақтар қойылды. 10 адамнан құралған әр команда берілген бланкке атаулары мен жауаптарын жазып тапсырып отырды. Бланктерді жинап алғаннан кейін ғана сахнадағы экраннан сұрақтардың жауаптары көрсетілді. Әр кезеңде 10 сұрақ қойылып, оған жауап беруге 30 секунд уақыт берілді. Бірінші кезең «Қызықты фактілер» деп аталып, онда мәселен «Адамға ол зат өмірінде 2 рет тегін беріледі, ал үшінші рет алғысы келсе, оған ақша



төлеуі керек. Ол не?» деген сияқты сұрақтар қойылды. «Ассоциация» деп аталған екінші кезеңінде үш түрлі суретке ортақ тақырып табу тапсырмасы берілді. Ал соңғы кезең логикалық сұрақтардан тұрды.

– Форумға 2017 жылдан бері қатысып келемін. Меніңше, бұл форумның жастарға

берері өте көп. Барлық тренингтер мен шеберлік сабақтарында айтылған ақпараттарды жадымызға тоқып, жұмысымызға енгізуге тырысамыз. Әр жылы әр түрлі тақырыпта оқимыз, үйренеміз. Мәселен, көпшілік алдында сөйлеу өнері, даулы мәселелерді шешу жөнінде көптеген жақсы инсайттарды мысалдар келтіре отырып өте тиімді үйретеді. Форумға келіп, жан-жақты оқып, үйреніп, тұлғалық қасиеттерімді қалыптастырғаннан кейін көп жетістіктерге жеттім. 2023 жылы кәсібім бойынша үздік атандым, 2024 жылы НОДГП-10 бөлімшесінде өткен ПТЭ, ИСИ,

ИДП жарыстарынан 1-орын алдым. Қазіргі таңда осы форумның жастарға жасаған мүмкіндігінің арқасында барынша өзіме қажетті ақпарат алып, алдағы уақытта Қазақстан темір жолының локомотив шаруашылығын дамытуға аз да болса өз үлесімді қоссам деп ойлаймын. Сонымен қатар Қазақстанның барлық аймағынан әріптес достар таптым. Осының өзі біздің жұмысымызды сапалы жүргізуге тәжірибе алмасу арқылы көп көмегін тигізуде. Жаңадан келіп жатқан қатысушыларға айтарым: ерінбеңіздер, форумнан барынша көп ақпарат жинаңыздар, тренингтерге қатысыңыздар, жан-жақты болуға тырысыңыздар, достарыңызды көбейтіңіздер, – дейді білім мен ақыл-ой жарысына қатысқан Қазалы локомотив айналым депосының машинист нұсқаушысы Тоқтар Алмаханов.

«ҚТЖ – 100 ЖАС ЕСІМ»

Қанат ӨКСІКБАЙ,
Алматы магистральдық желі бөлімшесінің вокзал шаруашылығы бойынша жетекші инженері:

– Жалпы теміржолда 6 жылдық тәжірибем бар. Өз жұмысымды үйлестіре жүріп, жастар форумына екінші рет қатысудамын. Өзім «ҚТЖ-100 жас есім» жобасына бірнеше іріктеу кезеңінен сүрінбей өтіп қабылдандым. Бұл форумның берері мол. Жұмыста, бизнеске болсын адам өсуі үшін ең алдымен коммуникация, яғни қарым-қатынас орнату өте маңызды. Сол жағынан бұл іс-шараның артықшылығы көп. Оның үстіне еліміздің барлық өңірінен келген қаншама достар таптық. Форум басталғалы күн сайын тренинг, оқыту бағдарламалары тоқтаусыз жүрді. Мықты тренерлерден көп нәрсе үйрендік. Мұның бәрі бізге алдағы қызметімізде өте қажет машықтар. Быыл әсіресе ЖИ бойынша көп білім берілді. Бұл енді қазіргі дәуірдің талабы болып отыр. Сондықтан осындай ғажап мүмкіндіктер алаңын ұйымдастырған ҚТЖ басшылығына алғысымды білдіремін. Бұйырса, келесі жылы да, яғни 35 жасқа дейін алда әлі 6 жылдай қатысамын деп ойлаймын.



Наргиз НҰРМҰХАМБЕТОВА,
Бескөл локомотив айналым депосының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау инженері:

– Жасым 29-да, екі жылдан бері депода еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау инженері болып жұмыс істеймін. Жұмысымды бастағаннан кейін жарты жылдан соң мен «ҚТЖ-100 жас есім» жобасына қатысуға шешім қабылдадым. Іріктеу өте қатаң болды, 7 кезеңнен тұрды және оған Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген әріптестермен танысып, бірге дамуға керемет мүмкіндік берді. «100 жас келбет» бағдарламасына кірген сәттен бастап біз топ болып еліміздің жетекші спикерлерінен төрт білім беру тренингінен өттік. Зияткерлік интеллектіні игеру тақырыбында дәріс оқыдық. IT саласының маманы, тренеріміз Тимур Бектұр жасанды интеллект түрлері, оны меңгеру ерекшеліктері және ЖИ-дің жұмыс барысында қалай көмектесетіні туралы айтып берді. Ал Галина Әлкешевамен әлеуметтік желілер арқылы бедел мен жеке брендті дамыту тақырыбында тренингтен өттік. Бұдан бөлек, бизнес-тренер Алмаз Амалбеков кәсіби қызметте Этика кодексісін сақтаудың маңыздылығын жеткізді. Бұл форумдар мен оқыту бағдарламаларына қатысу – мен үшін маман ретінде дамуға, кәсіби шеберлігімді жетілдіруге, сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпіріндегі әріптестермен тәжірибе алмасып, кәсіби көкжиегімді кеңейтуге мүмкіндік беретін құнды тәжірибе.

ЖАҢА КЕЗЕҢ КӨШБАСШЫСЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Форум аясында теміржол жастары түрлі тренер, коучтардан өздерін дамыту бойынша жан-жақты білім алды. Соның бірі «Жаңа кезең көшбасшылығы: жеке тиімділік пен ықпал ету машықтарын дамыту» деп аталды. Оны жылда осы форумда спикер болатын бизнес жаттықтырушы Айбатыр Турешов жүргізді.

– Мен бұл тренинг барысында өзгерістерді басқару тақырыбын жан-жақты қамтып өттім. Алдымен қатысушылармен бірге парадигмалардың не екенін, олардың түрлерін және адамның ойлау жүйесі мен жұмыс стиліне қалай әсер ететінін талқылады. Материалды жеңіл әрі қызықты қабылдау үшін барлығын геймификация форматы арқылы өткіздік. Ойын элементтері қатысушыларға ақпаратты тез меңгеруге және оны нақты жұмыс жағдайларында қолдануға көмектесті. Сонымен қатар біз Кюблер-Росс мо-

делін қарастырдық, онда өзгерістерді қабылдаудың 5 кезеңі сипатталады: жоққа шығару, ашу, саудаласу, күйзеліс және қабылдау. Әр кезеңде адамның реакциясы қалай өзгеретінін, бұл процестер командалық жұмысқа қалай ықпал ететінін және басшы ретінде осы жағдайларда қандай стратегия қолдану керектігін талдадық, – дейді бизнес жаттықтырушы.

Тренингтің маңызды бөлігі қатысушылардың бір-бірімен тәжірибе алмасуы болды. Олар өздерінің білімімен бөлісіп, нақты жұмыс сәттерін талқы-



лап, бір-бірінен жаңа ой-тұжырымдар алды. Жалпы алғанда тренингтің мақсаты – өзгерістердің адамға психологиялық әсерін түсінуге, басшының осы процестерді тиімді басқаруына көмектесу және өзгерістерге бейімделу арқылы лидердің тұлғалық әрі кәсіби дамуын күшейту.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Экспресс» филиалының жолсерігі, алма-

тылық Қайрат Арсен оқу барысында көңілге түйгені көп болғанын жеткізді. Жақында «Жас үздік маман» байқауының жеңімпазы атанған ол ҚТЖ-ның жыл сайынғы республикалық жастар форумына қатысып келе жатқанын мақтаушыпен айтады.

– Форумды ұйымдастырушыларға, Ақмарал Жарасқызы мен оның командасына, біздің өңірлік өкіл Данияр

Форумда Арал теңізі станциясы вокзалының кезекшісі Зәмзәгүл Қарақұлова ерекше белсенділігімен ғана емес, өнерімен де көзге түсті.

АРАЛДЫҢ АРУ ҚЫЗЫ

«Өңірлер бет-бейнесі» байқауында Қызылорда командасы өнер көрсеткенде сахнаға жарқ етіп шыққан Зәмзәгүлдің әні көрерменді бірден баурап алды. Сахнада өзін ұстауы, биі мен сымбаты оны нағыз жұлдыз етті. Бірақ Зәмзәгүл бала кезден әнші болуды емес, теміржол саласында қызмет етуді армандапты. Алматы қаласындағы Қазақ қатынас жолдары университетін бітірген.

– Алғаш еңбек жолымды 2012 жылы Астанада, Вокзал-сервисте жолсерік болып бастадым. 2017 жылы Арал теңізі вокзалына

вокзал кезекшісі болып қызмет ауыстырдым. Көпшілікпен жұмыс істейтін болған соң жауапкершілік жоғары. Қиындығы да жоқ емес. Бірақ сонысымен қызық. Өзімнің жұмысымды жақсы көремін. Өзімді Қазақ темір жолының бір бөлшегімін деп білемін, – дейді Зәмзәгүл.

Форумның «Теміржол білгірлері» интеллектуалдық ойынында теміржолшы арудың әншілік өнерінен бөлек ақындық қыры да танылды.

Жұмысына ұқыпты, ортасына сыйлы, отбасында аяулы жар. Қоғамдық жұмыстарға белсене



араласатын кейіпкеріміз волонтерлік қырымен де танылып, бұл ісін ҚТЖ-да да көрсетіп жүр. Сол еңбегі үшін ол форумда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновтің қолынан «Корпоративтік волонтер» дипломын алды.



ӨНЕРГЕ ӘРКІМНІҢ-АҚ БАР ТАЛАСЫ

Жастар форумының алғашқы күні кешке жылдағыдай «Өңірлер бет-бейнесі» таныстыру бағдарламасы ұйымдастырылды. Әр өңірден келген жастар өздерін, өз аймақтарының ерекшелігін ән, би, өлең және видеолар арқылы таныстырып, 12 команданың өнеріне қазылар алқасы баға берді.



пленица», «Царь Иван Грозный» фильмдерінен үзінділер көрсетті, орыстың ұлттық биін орындады. Екінші болып өнер көрсеткен Ақмола мен Қостанай жастары бірігіп, Тәжікстан елін таныстырды. Тәжіктің ұлттық киімі мен тағамдарын көрсетіп, тәжікше ән шырқаған теміржолшы жастардың өнеріне көрермендер тәнті болды.

Үшінші болып шыққан павлодарлық жастар Үндістан елін таныстырып, үнді киноларынан үзінді көрсетіп, биін биледі. Ал қарағандылықтар Әзербайжан елінің ерекшеліктерін паш етті. Видеода Бакуге саяхат жасап, ұлттық әні мен биін орындады. Бесінші болып шыққан Семей мен Өскемен жастары Италияның ұлттық ерекшеліктерін көрсетті. Гитаралармен ән шырқап, тағамдарына да тоқталды. Ал Алматы жастары видеода ЖИ технологиясын қолдана отырып, Арменияға саяхат жасап, Пойызға мініп, Арменияның табиғатын таныстырып, биін де билеп берді. Шымкенттік жастар өздері көрші отырған Өзбекстан елінің өнерін ортаға шығарды. Атақты өзбек әншілеріне пародия жасап, өлеңдерін байланысты өндер, өлеңдер және өзара ынтымдастықтың ерекшеліктерін көрсетті. Қарапайым теміржолшылар С.Есениннің өлеңдерін оқып, «Кавказская



жастары Жапония елін таңдап, олардың ұлттық киімдерімен ән шырқады. Атыраулықтар беларусь әнін шырқап, қыздар ұлттық киімдерімен би биледі. Қырғызстанды таныстырған маңғыстаулық жастар екі елге ортақ «Көкпар» ойынын көрсету арқылы қойылым қойды. Олар екі елдің арасындағы ғасырларға созылған татулық пен достық жайын сөз етті. Соңғы шыққан Астана командасы Қазақстанды паш етіп, сонау Керей мен Жәнібек хандар құрған Қазақ хандығынан бастап, Абай заманы, Ұлы Отан соғысы, Тың игеру кезін арқау етіп, Тәуелсіздік жайлы әдемі ән, қойылымдар, билер арқылы жоғары деңгейде жеткізе білді.

Қазылар алқасы ерекше өнер көрсеткен командаларды атап өтіп, сын-ескертпелерін де айтты. Байқау нәтижесі форумның жабылу рәсімінде белгілі болады.



Саматұлына, жаттықтырушыларға шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Кезекті бұл тренинг өте пайдалы болды: біз нақты жұмыс жағдайларын талдадық, күнделікті жұмыста қолдануға болатын жаңа білім мен практикалық құралдарды алдық. Формат өте «жанды» түрде өтті, тәжірибе алмасу көп болды, бұл оқуды шынымен тиімді етеді. Мен үшін ҚТЖ форумына қатысу – даму, жаңа білім алудың және түрлі өңірлердегі әріптестермен тәжірибе алмасудың бірегей мүмкіндігі. Форум мені шабыттандырды, жаңа перспективаларға жол ашады және алға ұмтылуға ынталандырады, – дейді ол.



КТЖ NEXТ: ИНИЦИАТИВЫ БУДУЩЕГО

Единая цифровая платформа и ИИ-системы для адаптации молодых сотрудников, креативные конкурсы и программы развития корпоративного сообщества – участники чемпионата кейсов «КТЖ NEXТ: молодежная трансформация» представили свое видение молодежной политики компании на ближайшие годы.



Форум молодежи КТЖ традиционно становится площадкой для генерации новых прорывных инициатив и обмена лучшими практиками между самыми эрудированными, активными и целеустремленными железнодорожниками из всех регионов Казахстана.

В рамках чемпионата кейсов участникам форума предложили внести свой вклад в разработку программы молодежной политики компании на ближайшие годы.

– За последние 15 лет в КТЖ внедрено много различных проектов, направленных на поддержку молодежи в возрасте до 35 лет. В июне 2023 года была утверждена очередная Программа молодежной политики на 2023-2026 годы. Задачи чемпионата кейсов – определить вызовы и цели, ключевые инициативы и проекты новой программы, представить план реализации и метрику успеха, – обратился к участникам менеджер департамента социальной политики, заместитель председателя совета молодежи АО «Самрук-Қазына» Жаксылык Мулдакулов.

С помощью жеребьевки ребята поделились на девять команд, в каждую из которых вошли работники из разных структурных подразделений и дочерних организаций АО «НК «КТЖ».

Озвучив задание, организаторы представили участникам обобщенный портрет молодого работника КТЖ. Это мужчина 29 лет со средним специальным образованием и стажем в отрасли 6 лет.

Сегодня доля работников компании в возрасте до 35 лет составляет 30% от общей численности – 38,8 тысячи человек. Большая часть из них – мужчины (84%). Самый молодой штат в АО «Пассажирские перевозки» – он на 96% состоит

из сотрудников в возрасте до 35 лет. В рабочих профессиях на долю молодежи приходится 65%, меньше всего молодых работников среди административно-управленческого персонала – 4%.

– Изучите реальные потребности молодежи, продумайте, как ваши инициативы работают в регионах, не бойтесь предлагать новое, – посоветовали участникам представители департамента социальной политики и пула «100 молодых лиц КТЖ», вошедшие в состав конкурсной комиссии.

Несмотря на ограниченное время для подготовки предложений (1,5 часа), команды представили целый спектр инициатив – от цифровых решений до творческих проектов.

Самыми обсуждаемыми стали идеи, направленные на адаптацию молодых сотрудников после трудоустройства и формирование активного профессионального сообщества. Участники предлагали цифровые платформы и единое пространство для обмена опытом, налаживания коммуникации, анализа профессиональных навыков и достижений железнодорожников с индивидуальной шкалой развития, оценками, баллами.

Команда «Мегамозг» предложила создать ИИ-платформу, которая будет генерировать анимацию из текстовых инструкций, молний, бюллетеней для наглядности и доступности информации, ускорения работы и быстрой адаптации молодых специалистов. Такая система может заметно снизить нагрузку на мастеров производственного обучения, считают авторы проекта.

Представители команды «Дорогу молодым» подняли важные вопросы наставничества, конфликта поколений, эмоционального выгорания и текучести кадров. В качестве решения предложили анонимную линию поддержки, штатного психолога и серии тимбилдингов между сотрудниками разных возрастов.

Живое обсуждение вызвали идеи амбассадорства, блогинга, организации шоу талантов, создания брендированных наборов для новичков и инфраструктурной поддержки (сады, школы для сотрудников).

По итогам чемпионата кейсов определить победителя не удалось – все участники представили актуальные, инновационные решения. Многие предложенные идеи уже находят применение в компании, а некоторые будут дополнительно проработаны.

УРОКИ ДЛЯ ЛИЧНОГО РОСТА

Во второй день XIV Республиканского форума молодежи состоялся тренинг «Личная эффективность: практические инструменты, ведущие к росту», который провела бизнес-тренер и эксперт по стратегии Дана Магауина.

За 15 лет работы она участвовала в разработке стратегических проектов в таких организациях, как «Қазатом-пром», агентство «Хабар», Назарбаев Университет и Национальный банк Казахстана. Сегодня она помогает молодым специалистам и сотрудникам вырабатывать стратегическое мышление и системное планирование, показывая, как достигать целей осознанно и эффективно.

– Мне особенно приятно работать с молодежью КТЖ, – делится эксперт. – У ребят много амбиций, но, чтобы расти, важно видеть общую картину, расставлять приоритеты и понимать, какую роль они играют в масштабной системе компании.

Во время тренинга она обратила внимание участников на интересные статистические данные: оказывается, лишь 21% людей понимают, что для них значит успешная жизнь, только 9% знают свою жизненную цель, 12% имеют ясное видение будущего. При этом конкретные цели с четкими этапами сформировали только 17%, а полноценной личной стратегией пользуются всего 3%. Эти цифры наглядно показывают, насколько важно молодым специалистам учиться мыслить системно и планировать шаги вперед.

По словам Даны Магауиной,



одна из главных проблем молодых сотрудников – отсутствие собственного видения будущего.

– Если человек не знает, каким хочет стать через 5-10 лет, ему сложно правильно ставить цели. Из-за этого часто возникает выгорание, – объясняет эксперт.

Еще одна распространенная ошибка – стремление успеть все и сразу.

– Многозадачность выглядит привлекательной, но она не всегда ведет к результату. Важно научиться выбирать фокус, – добавляет тренер.

Не менее важно понимать свои ценности и не копировать чужие стандарты.

– Каждый идет своим путем. Личная эффективность – это не универсальная формула. Нужно исходить из того, что важно именно вам, – подчеркивает она.

Менеджер по персоналу филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГПТ» Нұрғұл Айтен, посетившая тренинг, отметила его практическую ценность.

– Сессии помогают молодым сотрудникам взглянуть на работу по-новому. Многие впервые задумались о личной стратегии, о том, как ставить цели и при этом сохранять баланс между карьерой и личной жизнью. Это очень нужное обучение, – поделилась она.

